

**«Ақтөбе облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы»  
ММ-нің 2018 жылға арналған бюджеттік шығындары  
бойынша түсіндірме хат**

Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасымен **7 083 151,2** мың теңге жалпы сомасына бюджеттік өтінім тапсырылды.

«Ақтөбе облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ-нің қызметі 14 бюджеттік бағдарламалар бойынша жүзеге асырылатын болады, соның ішінде 1 ағымдағы бюджеттік бағдарлама және 13 бюджеттік дамыту бағдарламасы, оның ішінде жылдар бойынша:

2018 жыл – **6 898 012,3** мың теңге;

2019 жыл – **185 138,9** мың теңге;

2020 жыл – **қаралмаған**

**Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар**

**001 бюджеттік бағдарламасы** Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтері бойынша қарастырылатын шығыс **56 014,0** мың теңгені құрайды, соның ішінде:

111 – 39 776,0 мың теңге мемлекеттік қызметкерлердің еңбек ақысы (штаттық кесте 27 адам, базалық еңбек ақы - 17 697 теңге).

113 - 6 630,0 мың теңге Өтемақы төлемдері 27 адамға арналған 1 жылға жоспар бойынша.

121 – 2 148 мың теңге жалақыдан ұсталынатылатын 6% әлеуметтік салық.

122 – 1 790,0 мың теңге мемлекеттік әлеуметтік сақтандырудың қорына 5% әлеуметтік аударымдар.

124 – 597,0 мың теңге міндетті медициналық сақтандырудың қорына 1% аударымдар.

131 – 1 567,0 мың теңге техникалық қызметкерлердің еңбек ақысы (саны - 4 адам, базалық еңбек ақы - 17 697 теңге).

135 - 196,0 мың теңге Техникалық персонал бойынша жұмыс берушілердің жарналарынан (әлеуметтік салық 6%, әлеуметтік сақтандырудың қорына 5%). ұсталынған әлеуметтік аударымдар.

152 - 1 554 мың теңге байланыс қызметтеріне байланысты шығыстар негізгі телефон нөмірлері 9, Megaline 3 дана, қалааралық қоңыраулар және почта-телеграф қызметтер, сондай-ақ спутниктік қызметтер үшін абоненттік төлем кіреді.

159 - 1 756 мың теңге Өзге де қызметтермен жұмыстарға ақы төлеу соның ішінде мемлекеттік қызметкерлерді қайта даярлау, техникалық қызмет көрсету, Парус-Каз Бюджет программасымен қамтамасыз ету  $46\ 000\text{тг} * 12\text{ай} = 552,0$  мың теңге, мәліметтер база "Заңы"  $9000\text{тг} * 12\text{ай} = 108,0$  мың теңге, банктік қызмет көрсету 0,3 % шамамен 100,0 мың теңге, және келесі басылымдарға жазылу үшін: «Ақтөбе» 36 дана  $* 0,6\text{тг} = 21,6$  мың теңге, «Диапазон» 24 дана  $* 0,5\text{тг} = 12,0$  мың теңге, техникалық паспорттарды даярлау шамамен 20 нысан бойынша 1 135,4 мың теңге.

### **Бюджеттік дамыту бағдарламасы**

2018 жылы «Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері» **008** бағдарламасы бойынша 6 нысан мектеп құрылысы жоспарлануда **689 151,0** мың теңге сомасындағы шығындар қарастырылуда (қоса қаржыландыру), оның ішінде:

- «Ақтөбе қаласы ГМЗ ауданындағы 600 орындық орта мектеп құрылысы» - 110 532,0 мың теңге.
- «Ақтөбе қаласы Ясный-2 поселкесіндегі 600 орындық орта мектеп құрылысы» - 117 704,0 мың теңге.
- «Ақтөбе қаласы Ақжар-2 поселкесіндегі 900 орындық орта мектеп» - 142 436,0 мың теңге.
- «Ақтөбе қаласы «Авиатор» тұрғындар массивіндегі 900 орындық орта мектеп құрылысы» - 142 190,0 мың теңге.
- «Ақтөбе қаласы Қызылжар поселкесіндегі 300 орындық орта мектеп құрылысына» - 88 995,0мың теңге.
- «Ақтөбе қаласы Жаңа-қоныс поселкесіндегі 300 орындық мектеп құрылысы» - 87 294,0 мың теңге.

2018 жылы «Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне газ тасымалдау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері» **070** бағдарламасы бойынша **38 591,5** мың теңге көлемінде екі нысанға қоса қаржыландыру, оның ішінде:

- «Мұғалжар ауданы Қандыағаш қаласындағы Нұрлы-Көш шағын ауданындағы жаңа жеке тұрғын үйлерге газбен жабдықтаудың жаңа желілерін салу» - 15 161,1 мың теңге;
- «Ақтөбе облысы Алға ауданы Маржанбұлақ кентіндегі «Батыс» жаңа құрылысы маңында кентішілік газ тарату желілерін салу» - 23 430,0 мың теңге.

2018 жылы «Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту» **010** бағдарламасы бойынша «Ақтөбе облысы Хромтау ауданы №3, «2-ші санатты суда құтқару станциясы» нысанының құрылысына - **298 902,0** мың теңге қаралды.

2018 жылы «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау» **011** бағдарламасы бойынша «Айтекеби ауданындағы Комсомольское ауылында мектепке дейінгі балаларға арналған мектеп

ғимаратына **12 511,0** мың теңге газбен қамтамасыз ету, сондай-ақ «Темір ауданының Шұбаршы ауылында 140 орындық Шұбаршы орта мектебінің ғимаратын қайта құру» - **120 149, 0** мың теңге.

**2018 жылы «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау» 012 бағдарламасы бойынша** жалпы соммасы **2 104 274,0** мың теңге шығыс көзделуде, сонымен қатар, Байғанин, Ырғыз, Мәртөк, Мұғалжар және Хромтау аудандарындағы **5** мектеп жобаларын қоса қаржыландыру үшін **612 340,8 мың теңге** көлемінде қаражат қажет.

Аталған шығындар Ырғыз ауданы Жаныс би ауылындағы 100 орындық мектептің, Ырғыз ауданы Шеңбертал ауылындағы 100 орындық мектеп, Алға ауданы Жерұйық ауылындағы 60 орындық мектеп, Байғанин ауданы Бұлақтыкөл ауылындағы 100 орындық мектеп, Кобда ауданы Қаракемер ауылындағы 60 орындық мектеп, Қобда ауданы Қосөткел ауылындағы 60 орындық мектеп, Ойыл ауданы Бестамақ ауылындағы 50 орындық мектеп, Шалқар ауданы М.Шоманұлы ауылындағы 60 орындық мектеп,

**2018 жылы «Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері» 014 бағдарламасы бойынша 508 260,7 мың теңге** көлемінде қаражат қаралды, оның ішінде:

«Кобда ауданы Кобда ауылында үш қабатты 8-пәтерлі жалдамалы тұрғын үйлердің құрылысы» аяқталуына - 84 678,1 мың теңге.

Сонымен қатар Мұғалжар ауданы Қандыағаш қаласы Самал шағын ауданы 1 квартал сегіз пәтерлі 3 жалдамалы-коммуналдық тұрғын үйдің, Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Карауылкелді ауылындағы сегіз пәтерлі 2-қабатты жалдамалы-коммуналдық тұрғын үйдің, Ойыл ауданы Ойыл ауылындағы 2-пәтерлі 3 жалдамалы-коммуналдық тұрғын үйдің, Шалқар ауданы Шалқар қаласындағы О.Сейтова к-сі 14 сегіз пәтерлі 2-қабатты тұрғын үйдің құрылыстарының бастау үшін – 279 011,0 мың теңге қарастырылған. Сонымен қатар «Алға ауданы Алға ауданында 5 қабатты 60-пәтерлі коммуналдық тұрғын үй құрылысы» жобасын қаржыландыру үшін 39 361,6 мың теңге көлемінде қаражат (қоса қаржыландыру) қарастырылған;

«Ақтөбе қаласы «Нұр-Ақтөбе» тұрғын массивінің №1 шағын ауданы аумағындағы 48 пәтерлі 4-қабатты №33 тұрғын үй құрылысы» - 35 070,0 мың теңге;

«Ақтөбе қаласы «Нұр-Ақтөбе» тұрғын массивінің №1 шағын ауданы аумағындағы 48 пәтерлі 4-қабатты №34 тұрғын үй құрылысы» - 35 070,0 мың теңге;

«Ақтөбе қаласы «Нұр-Ақтөбе» тұрғын массивінің №1 шағын ауданы аумағындағы 48 пәтерлі 4-қабатты №35 тұрғын үй құрылысы» - 35 070,0 мың теңге;

2018 жылы «Спорт объектілерін дамыту» **024** бағдарламасы бойынша **640 757,0** мың теңгені құрайтын қаражат көлемі қаралды, олар:

Аталған қаражат Ақтөбе қаласы Батыс-2 шағын ауданындағы «Мұзды Сарайы» объектісі ғимаратының шекарасына дейін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын жүргізу және Қобда ауданы Қобда ауылындағы 160 орындық көрерменге дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысын аяқтауға бағытталатын болады.

2018 жылы Әйтеке би, Қарғалы аудандарында үш нысан бойынша дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысын бастау үшін қаражат қажет.

2018 жылы «Мәдениет объектілерін дамыту» **027** бағдарламасы бойынша жалпы сомасы **396 514,0** мың теңгені құрайтын қаражат қаралды.

Аталған қаражат Қобда ауданы Қобда ауылындағы мұражай құрылысына, Байғанин ауданы Қосарал ауылында, Мұғалжар ауданы Алтынды ауылында, Ойыл ауданы Кемер (Саралжын) ауылында, Мәртөк ауданы Саржансай ауылында 150 орындық ауылдық клуб құрылысына бағытталатын болады.

2018 жылы «Коммуналдық шаруашылығын дамыту» **030** бағдарламасы бойынша Ырғыз ауылы мен Хромтау қаласында әкімшілік ғимаратының құрылысын жалғастыруға – **313 719,0** мың теңге көлемінде қаражат қарастырылуда. Сонымен қатар «Ақтөбе қаласы Әйтеке би к-сі 25 бойынша 16 автокөлікке арналған гаражымен әкімшілік ғимаратының құрылысын» қоса қаржыландыру үшін – **43 283,0** мың теңге қаражат қарастырылды.

2018 жылы «Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері» **034** бағдарламасы бойынша жалпы сомасы **971 836,2** мың теңге қаралды.

Аталған шығындар Ақтөбе қаласы мен облыс аудандарындағы келесідей жобалар бойынша инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және орналастыруға бағытталатын болады:

- «Ақтөбе қаласы «Нұр Ақтөбе» тұрғын массивінің аумағының №1 шағын ауданындағы №33-44 тұрғын үйлерге инженерлік желілерінің құрылысы, жылумен жабдықтау» - 86 010,4 мың теңге;

- «Ақтөбе қаласы «Жанақоныс» поселкесін (көне қала) электрмен жабдықтау желілерін қайта жаңғырту» - 109 052,0 мың теңге;

- «Ақтөбе облысы Алға ауданы Маржанбұлақ кентіндегі «Шығыс» жаңа құрылысы маңында кентішілік газ тарату желілерін салу» - 77 047,0 мың теңге;

- «Ырғыз ауданы Ырғыз ауылындағы жеке құрылыстарға инженерлік-коммуникациялық сумен жабдықтау желілерінің құрылысы» - 23 241,0 мың теңге;

- «Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Ырғыз ауылындағы жеке тұрғын үй құрылыстарына инженерлік желілер жүргізу» - 29 792,0 мың теңге;

- «Ақтөбе облысы Қобда ауданы Қобда ауылындағы сегіз пәтерлі 2-қабатты 3 жалдамалы-коммуналдық тұрғын үйлерге аббаттандыру мен инженерлік желілер құрылысы» - 33 411,0 мың теңге;

- «Мұғалжар ауданы Ембі қаласындағы II СШ 10 кВ КРНУ-10 кВ ПС-110/10 кВ "Эмба" орнатылған ұяшығынан бастап КТП-ға дейін КНС ВЛ-10-ға электр желісі құрылысы» - 33 156,0 мың теңге;

- «Қарғалы ауданы Петропавловка ауылындағы ЖТҚ аумағы үшін сыртқы инженерлік-коммуникациялық желілер (жеткізуші газ құбыры) құрылысы» - 92 279,0 мың теңге;

- «Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Ш.Қалдаяқов ауылындағы тұрғын массивіне сыртқы инженерлік-коммуникациялық желілер (жеткізуші газ құбыры) құрылысы» - 17 169,0 мың теңге;

- «Қобда ауданы Қобда ауылындағы тұрғын массивіне 161 учаскеге электрмен жабдықтау желілерінің құрылысы» - 47 300,0 мың теңге;

- «Темір ауданы Шұбарқұдық ауылы «Қызылжар-1» шағын ауданындағы бір пәтерлі 15 коммуналдық-жалдамалы тұрғын үйлердің сыртқы инженерлік-коммуникациялық желілерінің құрылысы» - 28 186,0 мың теңге;

- «Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Мәртөк ауылындағы 103 жаңа құрылыс учаскесін газдандыру» - 19 433,0 мың теңге, «Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Мәртөк ауылындағы 36 жаңа құрылыс учаскесінің электр желілерінің құрылысы» - 22 581,0 мың теңге;

- «Шалқар ауданы Шалқар қаласын О.Сейтова к-сі 14, сегіз пәтерлі 2-қабатты жалдамалы-коммуналдық тұрғын үйге аббаттандыру және сыртқы инженерлік-коммуникациялық желілер құрылысы» - 7 513,0 мың теңге.

Сонымен қатар, бірлесіп қаржыландыру үшін қаражаттар қарастырылуда: «Ақтөбе қаласы Батыс-1 тұрғын массивінің алаңнан тыс канализация желілерін салу» - 35 831,0 мың теңге;

- «Ақтөбе қаласы «Батыс-1» тұрғын үй алабының №1,2,5,6,7,8 шағын аудандарының сумен жабдықтауының алаңнан тыс желілерін салып, 2-ші көтергіш ЖСС салу» - 103 540,0 мың теңге, «Ақтөбе қаласы «Сельмаш-1,2» тұрғын массивінің ішкі кварталдық сумен қамту желілерінің құрылысы» - 12 799,0 мың теңге;

- «Ақтөбе қаласы «Авиатор» тұрғын массивінің ішкікварталдық электрмен қамту желілерінің құрылысы» - 6 260,0 мың теңге;

- «Ақтөбе қаласы Қарғалы ауылына (Қарғалы-2 тұрғын массиві) квартал ішілік сумен жабдықтау желілері құрылысы» - 11 048,0 мың теңге;

- «Ақтөбе қаласы Заречный-1 ауылына (2-кезек) квартал ішілік сумен жабдықтау желілері құрылысы» - 10 238,0 мың теңге;

- «Мұғалжар ауданы Қандыағаш қаласы 10 квартал «Самал» шағын ауданындағы жаңа жек тұрғын үйлерге жаңа электрмен жабдықтау желілері құрылысы» - 32 686,0 мың теңге;
- «Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Қандыағаш қаласындағы І-ші көтеру 4 сорғы станцияларының құрылысы» - 33 060,0 мың теңге;
- «Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Ембі қаласындағы І-ші көтеру 4 сорғы станцияларының құрылысы» - 18 719,0 мың теңге;
- «Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Петропавловка ауылындағы ЖТҚ аумағы үшін сыртқы инженерлік-коммуникациялық желілер құрылысы» - 81 486,0 мың теңге;

2018 жылы «Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау» 038 бағдарламасы бойынша жалпы соммасы - 429 675,0 мың теңге шығын көзделіп отыр.

Аталған қаражат Темір қаласындағы бір ауысымда 50 адамға арналған дәрігерлік амбулаториясының құрылысына, сонымен қатар Хромтау ауданы Аққұдық, Сарысай, Тасөткел ауылдарына 3 медициналық пункт құрылысына бағытталатын болады.

2018 жылы «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту» 051 бағдарламасы бойынша - 281 375,0 мың теңге соммасында шығын көзделіп отыр.

Аталған шығындар «Негізгі жолдан ИЗ жобалары учаскелеріне техникалық өтпе құрылысының аяқталуы» «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті дамыту мен қолдау бірыңғай бағдарламасын жүзеге асыру аясында шағын және орта кәсіпкерліктің 7 жобасына ішкі инфрақұрылымды жүргізуге бағытталатын болады» - 88 264,0 мың теңге;

- «Ақтөбе облысының индустриалды аймақ аумағын қоршау» объектісін аяқтауға» - 54 932,0 мың теңге;

- «Әйтеке би ауданы Қарабұтақ ауылы ИП «Тянь» үшін «Жол бойындағы кемпинг құрылысы» жобасына инфрақұрылым жүргізу» - 23 914,0 мың теңге;

- «ТК Фарм Ақтөбе» ЖШС фармацевтикалық зауытын резервті электрмен жабдықтау» - 18 186,0 тыс.теңге;

- Сыртқы электрмен жабдықтау жол бойындағы сервисті «А» санатты көп функционалды кешен құрылысы» - 27 361,9 мың теңге;

- «Қарғалы ауданы Велиховка ауылынан 4 км қашықтықта орналасқан «Надежда» ШҚ электрмен жабдықтау құрылысы» - 19 003,0 мың теңге; «АСТАК Трейд» ЖШС Ақтөбе қаласындағы Новый ауылының №468 өндірістік база учаскесіне электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, жер асты жолдар мен сумен жабдықтау ішкі инфрақұрылым объектілерін дамыту» - 49 714,0 мың теңге.

2018 жылы «Жергілікті бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері» 114 бағдарламасы бойынша «Қобда ауылындағы «А.Сулейменов атындағы саябақты аббаттандыру» құрылысын аяқтау үшін 45 949,0 мың теңге көлемінде қаражат көзделуде;

**Сонымен қатар, бюджеттен қосымша қаражат талап етілетін жобалар бар, оның ішінде:**

«Жергілікті бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері» 114 бағдарламасы бойынша «Ырғыз ауданы Ырғыз ауылындағы «Арыстар саябағы» мекен-жайында орналасқан саябағының құрылысы» - 73 854,0 мың теңге.

«Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту» 010 бағдарламасы бойынша «Ақтөбе облысы Хромтау ауданы №3, «2-ші санатты суда құтқару станциясы» нысанының құрылысына - 298 902,0 мың теңге.

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау» 011 бағдарламасы бойынша «Темір ауданының Шұбаршы ауылында 140 орындық Шұбаршы орта мектебінің ғимаратын қайта құру » - 120 149, 0 мың теңге.

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау» 012 бағдарламасы бойынша 587 234 мың теңге қажет етуде, оның ішінде:

- «Мұғалжар ауданы Құмжарған ауылындағы 60 орындық мектеп» - 271 624 тың теңге;

- «Байғанин ауданы Жаркамыс ауылдық округі Қаражар ауылындағы 100 оқу орындық орта мектебінің құрылысына » - 315 610 мың теңге.

«Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері» 034 бағдарламасы бойынша – 98 394 мың теңге, оның ішінде:

- Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылында жеке меншік тұрғын үйлер құрылысын дамытуға арналған электр беру желілерінің құрылысы – 73 923,0 мың теңге;

- Ойыл ауданы Ойыл ауылындағы коммуналды жалдамалы коммуналдық пәтерлерді газдандыру – 24 471,0 мың теңге.

«Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау» 038 бағдарламасы бойынша «Ақтөбе қаласы Пацаев көшесі 7 "А" орналасқан ғимараттың (мәйітхана) құрылысына » – 216 943,0 мың теңге

**Басқарма басшысының  
міндетін атқарушы**

**Н.Сеитов**